

## Жеке санаттағы азаматтарға Жеңіс күніне жыл сайынғы бір жолғы материалдық көмек көрсету туралы

### *Күшін жойған*

Қарағанды облысы Балқаш қалалық мәслихатының 2007 жылғы 4 сәуірдегі N 41/399 шешімі. Қарағанды облысы Балқаш қаласы Әділет басқармасында 2007 жылғы 25 сәуірде N 8-4-71 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Балқаш қалалық мәслихатының 2010 жылғы 16 сәуірдегі N 29/228 шешімімен

*Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Балқаш қалалық мәслихатының 2010.04.16 N 29/228 шешімімен.*

Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне, Қазақстан Республикасының "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы", "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңдарына сәйкес қалалық мәслихат **ШЕШТІ:**

1. Жеке санаттағы азаматтарға Жеңіс күніне жыл сайынғы бір жолғы материалдық көмек көрсетілсін.

2. Жыл сайынғы бір жолғы көмек алатын жеке санаттағы азаматтар анықталсын:

- 1) Ұлы Отан соғысының мүгедектері және қатысушылары;
- 2) Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі және мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы Советтік Социалистік Республикалар Одағының ордендерімен және медальдерімен наградталған адамдар;
- 3) Ұлы Отан соғысының майдандарында әскери іс-қыймылға қатысқан ерікті жалданғандар және әскери қызметкерлер;
- 4) екінші дүниежүзілік соғыс кезінде фашистер мен олардың одақтастары құрған концлагерлердің, геттолардың және басқа да еріксіз ұстау орындарының жасы кәмелетке толмаған бұрынғы тұтқындары;
- 5) Ұлы Отан соғысы жылдары қайтыс болған әскерилердің екінші некеге тұрмаған жесірлері;
- 6) қайтыс болған соғыс мүгедектерінің және соларға теңестірілген мүгедектердің әйелдері (күйеулері), сондай-ақ қайтыс болған соғысқа қатысушылардың, партизандардың, астыртын күрес жүргізген адамдардың, "Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен және "Қоршаудағы Ленинград тұрғыны" белгісімен наградталған, жалпы ауруға шалдығудың, еңбек ету кезінде зақым алуының нәтижесінде және басқа себептерге байланысты (құқыққа қайшы

келетіндерінен басқаларына) мүгедек деп танылған азаматтардың екінші рет некеге тұрмаған әйелдері (күйеулері);

7) қоршаудағы кезеңінде Ленинград қаласының кәсіпорындарында, мекемелері мен ұйымдарында жұмыс істеген және "Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен әрі "Қоршаудағы Ленинград тұрғыны" белгісімен наградталған адамдар;

8) 1941 жылдың 22 маусымынан 1945 жылдың 9 мамырына дейін алты айдан аз емес жұмыс жасаған азаматтар.

3. Жыл сайынғы бір жолғы материалдық көмек көрсетудің мөлшері анықталсын:

1) 2 тармақтың 1 тармақшасында көрсетілген тұлғаларға - 30000 теңге;

2) 2 тармақтың 2-8 тармақшаларында көрсетілген тұлғаларға - 15000 теңге.

*Ескерту. 3-тармаққа өзгерту енгізілді - Қарағанды облысы Балқаш қалалық мәслихатының 2008.03.12 N 7/62 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз); 2009.04.22 N 19/150 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз); 2010.02.24 N 28/218 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) шешімдерімен.*

4. Қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі (Қ.Қ. Адамова) Балқаш қаласының біріккен қорғаныс істері жөніндегі бөлімімен (Б.А. Бекмағанбетов) және Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықпен (Х.Б. Тұяқоева) салыстырылып тексерілген тізімдер бойынша жоғарыда көрсетілгендерге жыл сайынғы бір жолғы материалдық көмекті мезгілінде төлеуді қамтамасыз етсін.

5. Қаржы бөлімі (Томпиева Ж.Қ.) "Жергілікті өкілетті органдардың шешімімен жеке санаттағы мұқтаж азаматтарға әлеуметтік көмек" 007 бағдарламасы бойынша көрсетілген қаражаттар есебінен әлеуметтік көмекті мезгілінде қаржыландырсын.

6. Осы шешімнің орындалуын бақылауды қалалық мәслихаттың бюджет, адам құқығын қорғау, әлеуметтік сала бойынша тұрақты комиссиясына жүктелсін (Е.Қ. Баймағанбетов).

7. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енеді.

Сессия төрағасы

А. Гусев

Қалалық мәслихаттың хатшысы

Л. Коробейникова

"Келісілді"

Қала әкімі

Токушев Қ.Ә.

02 сәуір 2007 жыл

Жұмыспен қамту және  
әлеуметтік бағдарламалар

*бөлімінің бастығы*  
02 сәуір 2007 жыл

*Адамова Қ.Қ.*

*меңгерушісі*  
02 сәуір 2007 жыл

*Қ а р ж ы*

*б ө л і м і н і ң*  
*Томпиева Ж.Қ.*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК